

Е. ЖАНПЕЙІСОВ

ТӨРТ ТҮЛІК ТӨҢІРЕГІНДЕ: ҚОЙ, ЕШКІ (төртінші мақала)

Осы тақырыппен бұған дейін жарияланған мақалалар сериясында (ҚР ҰҒА Хабарлары Тіл, әдебиет сериясы № 3 – 2005, № 1, 4 – 2006) түйе, жылқы және сиыр түліктері төңірегінде қалыптасқан идиоэтникалық семантика мәселелері сөз болған-тын. Қой, ешкі де енді осы бағытта қарастырылмақ. Бұлар, өзге алтай халықтарындағы сияқты, тұңғыстар мен манжурлар арасында да мүйізді ұсақ малдың арнайы бір түрін құрайды дей келіп, К.А. Новикова мынадай салыстырулар жасайды: тюрк. *сарык-кәжә* «мелкий скот», букв. «овцы, козы», монг. *бог мал* «мелкий скот (овцы, козы)», *богино хөлийн мал* «мелкий скот (овцы, козы)», букв. «коротконогий скот» [1]. Бұл келтірілген дәйектеме материалда соңғы *коротконогий скот* тіркесі көңіл аударады. Өйткені тіліміздегі мына бір дерекке қарағанда қой, ешкіні бұлай *қысқа аяқты мал* деп тек моңғол халықтары емес, бұрындар кейде қазақтар арасында да айтқанға ұқсайды, мысалы: *Қысқа аяқты қойға азар Толарсақтан қар болса* (Балқы Базар). *Азар* формасы мұнда «азап, бейнет, сор, қорлық» мағынасында қолданылған. Ол иран тілдерінде сондай-ақ «өкпе, зобалаң, тауқымет» мәнін де білдіреді. Қарастырылып отырған қой мен ешкі қазақ, қырғыз, бұлармен туыс тағы кейбір тілдерде *жандық* ~ *жандық* деп аталады. Бірақ екеуі бұлай қосақтала дербес бір түлік саналғанмен, қойды ешкіден (ешкіден ғана емес түйе, жылқы, сиыр сияқты қалған барлық үй малынан) дара, үстін ететін нәрсе – оның шығу тегінің, бұған дейін де атап көрсеткеніміздей, халқымыздың ескілікті дүние танымында әлденеше түрде сипатталатыны, яғни отпен де, көкпен де, пейішпен де, мекемен де, тіпті жантақпен де байланыстырылатыны. Ал басқа түліктер бұл жағынан бұған керісінше, негізінен монотекті болып келеді: мысалы *түйе* – ылғи да

сордан (окта-текте ғана – күннен), *жылқы* – желден, *сиыр* – судан, *ешкі* – дәйім тастан (шанда бірде ғана – шырмауықтан) жаралған делінеді. Қой, ешкінің неден жаралғаны ел жадында, ескілікті аңызда міне осылай сөйленеді. Ал бағзы заманғы көшпелі қазақ, төрт түлік жөніндегі бірінші мақаламызда айтылғандай, «қойдан *құтпан*, *келепан* дейтін ерен-ерек жан иелерін арман еткен». Енді осы М.Әуезов атаған *құтпан* мен *келепан* формаларының морфологиялық құрылымы мен идиоэтникалық аспектілерін қарастырып көрейік. Әуелі алдыңғының. *Құтпан* лексемасының туындылығы яғни туынды сөз екені оның тіпті сырт тұрпатының өзінен-ақ көрінеу. Көрінеу болған соң да шығар лингвист ғалымдардың оны мүшелеуде онша қиналмайтыны: түрік тілдеріндегі бұл құтпан* бірлігінің *құт* және *пан* бөліктерінен тұратынын бірден байқайтыны, жазбай танитыны. Осы тарапта енді мына деректер көңіл аударады. *QUT I 1.* Душа, жизненная сила, дух; 2. календ. элемент: *graxi sanjuar ol quti suv ego planeta Сатурн*; его элемент вода (ТТ VII); *QUT II 1.* Счастье, благо, благодать, благополучие; удача, успех; счастливый удел: *tdzri jarliq aduqpm cizm qutpm bar ььь qarar olurtpm* по милости неба и потому, что у меня самого было счастье, я сел каганом (КТ); 2. перен. достоинство, величие; 3. Рел. состояние истинного бытия, блаженства (обычно о будде архате), блаженство: *burxan quti* блаженство будды (т.е. состояние будды) (Suv); *qut biyat парн.* Счастье, благополучие, благодать (ДТС: 471); *KVT [Tel. Kkir., Uig. AT . OT. Dsch. Osm.] 1.* счастье; *ogdm катун қутуңа* к счастью моей матери, ханши; 2. жизненная сила, душа; *куду чыкты* он потерял присутствие духа (от страха) (РСл II: 990, 991); як. *KVT [ср. тел. қут* жиз-

* Дәл осындай дыбыстық құрамда қазақтар арасында тағы бір зат есім айтылады: *құтпан* діни. Бес уақыт оқылатын намаздың ең соңғысы, бесінші намаз (ҚТС: 428). Бұл араб тіліндегі *хутпа* формасының түрленімі: а. *خطبة* 1. молитва, которую чтец, имам читает по пятницам в мечети, содержащая в себе прославление единства и качеств Бога, испрошение благославления Его над пророком Мухаммедом и его семейством, над царствующим государем; эктения; 2. проповедь в мечети (БСл 1:535); *хутпа* ар. рел. 1. хутба (проповедь имама в мечети по пятницам и в два годовых мусульманских праздника); 2. молитва, читаемая при совершении обряда бракосочетания (ЮСл: 453). Бірақ арабтың бұл *хутпа* ~ *хутба* сөзі қазақ тіліне *құтпан* болып сіңген: Намазшамнан өткенде, *Құтпан* мезгіл жеткенде *Құлағына* батырдың Бір дауыс кеп шулады (Қобыланды).

ненная сила, душа] 1. душа живых существ (человека и животных); душа человека состоит из трех элементов: *буор кут* (земля – душа, – земля в смысле почвы), *салгын кут* (движущийся воздух – душа), *нїд кут* (мать-душа); 2. душа, сущность вещи; жизненность, дух; жизнь (ПСл 1: 261-262); *кыр. кут* (миф. кусочек студенистого вещества темно-красного цвета, якобы падающий через *түндүк* в колombo и приносящий счастье тому, кто сможет его взять (взять его может только хороший, чистый человек, в руках же дурного он превращается в кусочек кала); *чын касиет кут түшүп, чыктың окшоит жолуман* фольк. ты мне встретился, похоже, что (в мою юрту) упал настоящий благодатный кут; 2. уст. оберег, якобы охраняющий скот и человека (семь перламутровых пуговиц, нашитых на мешочек с кусочком свинца или фигурка человека из свинца или олова, одетая в синие или красные тряпки; эта фигурка обмывалась водой, которой потом обрызгивали скот; теперь это позабыто, смутно помнят только старики); 3. (в эпосе) божок, маленький идол (у калмыков); *кутун салып койнуна*, мылтыгын салып мойнуна фольк. положив божка своего себе за пазуху, повесив ружье свое себе на шею; 4. жизненная сила, дух, душа; атын атаса, *куту сүйүнөт* погов. не женит отец – так хоть словом потешит (букв. хотя бы (только) по имени назвали его, (только от этого) у него (уже) душа радуется; напр. ему не дали награды, а только добром упомянули его имя); 5. счастье, удача; благодать; *айткандарың кут болсун!* да исполнится все сказанное тобою; *куту качып калды* от него счастье отвернулось; *элдин куту колдоп, бийик даражага жеттиң* благодаря силе народа ты достиг высоких степеней; 6. то же, что *куттуу* (ЮСл: 452); құт береке, байлық. *эйел – үйдің құты* (мақал). **Құт болды [құт дарыды]** береке орнады, байлықтың басы болды; **құты қашты** берекесі кетті, асып-састы. **құтын алды** қатты қорқытты, шошытты (ҚТС: 428).

Оиф ~ *куф* ~ *куф* ~ *құф* формасының бұл аталған мағыналарын негізінен үш топқа жүйелеуге болады: бастапқы екеуін мысалы *мифтік* (яғни *тәңірлік*) («кусочек студенистого вещества ярко-красного цвета, якобы падающий через *түндүк* в колombo и приносящий счастье тому, кто сможет его взять», «божок, маленький идол», «оберег (семь перламутровых пуговиц, нашитые на мешочек с кусочком свинца, или фигурка человека из свинца или олова, одетая в синие или красные тряпки) және *дини* («состояние истинного бытия, блаженства; блаженство», «жизненная сила, душа, дух»,

«сущность вещи, жизненность, жизнь») сипаттағылар, ал үшіншісін осылардың ауыс мағынадағылары («счастье, счастливый, счастливый удел», «удача, успех», «достоинство, величие», «благо, благодатный, благодать, благополучие», «береке, байлық») құрайды.

Қарастырылып отырған *құт* формасының семантикалық құрылымы түрік тілдерінде міне осылай сипатталады. Алайда одан жасалған *қутпан* ~ *қутпан* ~ *қутман* туылымының қазақтарда, өзге де кейбір туыс халықтарда білдіретін мағынасы бұдан әлдеқайда шектеулі, мысалы: *قوتپاڭ* *қутпан* от **قوت** счастливый человек, счастливец (БСЛ II: 410); *қутпан* [Кіг., von *кут*] счастливец; *қутман* [Ккіг.] = *қутпан* счастье; *қутмандуу* [Ккіг., von *кутман*+*дуу*] счастливый (РСЛ II: 997, 998); кыр. *қутман* то же, что *қутмандуу*; *қутман* эл счастливый народ; *кут-маным ласк.* мое счастье, моя надежда; *қутмандуу* счастливый (приносящий счастье); *қутмандық* отвл. от *қутман*; *калканчы болуп баарыңа, қутман-дығын билгизди* фольк. став всем защитой, он показал, что может приносить счастье (ЮСл: 453); *қутпан* құт-береке, ырыс, құт. *Үзілмес үміт мерекем, құшағы құтпан берекем* (Смаханұлы); *қутпан* асыл тұқымды қой (ҚТС: 428). *Құтпан* лексемасы қазақ тілінде үнемі бұлай тек қой тұлғиге ғана емес, сонымен қоса осы «ырыс, құт, құтты», «асыл, текті» сияқты мағынада ара-тұра жылқыға, кейде тіпті итке қаратыла да, не бір мазмұнды өзге де түрлі жағдайларға байланысты қолданылады. Мына бір үзінділерден мысалы соған көз жетеді: *Құтпан жалды айғырдан* (Базар жырау); *Батырым Жаманқара – ерім құтпан, Өлтірдің оны неге жүрек жұтқан?* (Мәшһүр Жүсіп); *Неғылар екен құтбаным, Қарамай қойды қыз Назым* (Қамбар); *Қодар емес, құтпаным болсын, қайтпасын да, тынбаспын!*; *Өй тәйір, қойшысы түгіл құтпаны жаяу қалсын* (М. Әуезов); *Құтпан айғырдай азынады. Құтпан төбеттей әуілдеді* қорғаштады, маңайлатпады (ҚТФС: 367); *Ауыл таңы ажарлы да құтпанды* (А. Рысқұлов). Келтірілген дәйектеме материалдардан көріп отырғанымыздай, *қутпан* ~ *қутпан* ~ *қутман* туылымы түрік тілдерінде қазір негізінен «бақыт, ырыс, құт, береке, (мал тұқымына қатысты) асыл» сияқты мағынада ғана қолданылады. Қайта бір қайырып айтайын. «Бұрынғы бақташы қазақ көшпелі тірлігінде түйеде – жампоз, жылқыда – тұлпар, сиырда – тынжы, қойда – құтпан, келепан дейтін еренерек жан иелерін арман еткен». М. Әуезов бұл жерде жампоз, тұлпар, тынжы деп түйе, жылқы, сиыр малының ең тегі тазасын, тұқымы асылын айтып

отыр. *Құтпан, келепан* дегенде де ол солай қой түлігінің құты саналатын асыл тұқымдысын айтқан. Ал бұл «асыл тұқым», «таза тек», «құт, құтпан» ұғымын қай халық та әдетте өзінің ежелгі өмір тәжірибесінде олардың аталығымен (яғни бурасымен, айғырымен, бұқасымен, қошқарымен) байланыстырған. Жоғарыдағы *құтпан жалды айғыр* формасы сірә осындай ыңғайда айтылған болу керек. Алайда бұл аталған еркек кіндіктілер ауыз әдебиетінде кейде қаншама замандардан төрт түліктің пірі, иесі, жебеп желеушісі, бақташысы есептелген Ойсылқара, Жылқышы ата, Зеңгі баба, Шопан ата ретінде де сипатталады. *Ойсылқара келенің бурасы екен, Буралығын білдірген шудасы екен. Жылқышы ата үйірдің айғыры екен, Құлындатып көбейткен байлығы екен. Зеңгі баба табының бұқасы екен, Ет пен майға он бойы тұтас екен, Шопан ата отардың қошқары екен, Егіздетіп жылда төл қосқан екен* (Балқы Базар). Шынында да, *бура, айғыр, бұқа, қошқар* формаларын осы өлең жолдарында да сол «құт, құтпан» ұғымынан бөлек алып қарау мүмкін емес сияқты. Бұл ретте ілгеріде келтірілген «қойшысы түгіл құтпаны жаяу қалсын» деген диалог та бізше ден қоярлық. Өйткені Құнанбай мұнда *құтпан* деп *Шопан атаны* айтып отыр. «... қойда – құтпан, келепан ...». Жазушы бұл жерде идиоэтникалық *құтпан* және *келепан* бірліктерін бұлай жайдан жай қосақтап отырған жоқ. Бір-бірімен тығыз мағыналық байланыста, өзара синонимдес болған соң ғана солай қатар алып, қабаттай қолданған. *Келепан* зат есімін бұлай *құтпан* сөзімен адекваттық қатынас-та, бір мазмұнда алып қарастыруға негіз, мұрындық ретінде мысалы мына тіл деректері көңіл аударарды: *келепан* қырыққанда қошқардың құйрығында, күйек байлар тұсында қалдырылған жүн [2]; *келепан* қойды қырыққан кезде қошқардың құйрық жағында күйек байлар бел тұсында қалдырылған жүн (ҚТС:91). Идиоэтникалық *құтпан* бірлігі сияқты *келепан* лексемасы да мүшеленімді. Ол да солай *келе* және *пан* бөліктерінен түзілген: *келе* – інгендер табыны. Айғыр үйірі деген сияқты мағынада. Әр келеде 10-15 інген болады. К-ге түсетін бураны ерекше күтеді (ҚСЭ: 348); *келе* (Гур., Маңғ., Түрікм., Красн., Таш., Ашх., Мары) бураның үйірі. Кейбір буралар өз келесінен түйе бермейді (ҚТДС: 91). Ал соңғы *-пан* бөлігі – аффикс*; *геле* інгенді бураға шөгеру ишараты (ҚТС: 134). Бура інгенге шөгерде мал иесі әдетте оларды бұл процеске ынталандыра түсу үшін қайта-қайта «геле-геле» (немесе «келе-

келе») деп тұрады. Жоғарыдағы *келе* ~*геле* тұлғасымен тағы мына бір форманы салыстыруға болады: кыр. *келе* ир. название дорогой материи; *келеден чапан мен түйдүм* яшила халат из *келе* (ЮСЛ: 369). Сонымен келтірілген бұл тіл деректерінен түптеп келгенде *келепан* формасының да сол *құтпан* зат есімімен мазмұндастығын, бұның да солай қой түлігінің асыл тұқымды еркегіне яғни қошқарына қатысты айтылатын сөз екеніне көзіміз жеткендей болады.

Тілімізде қой түлігімен байланысты идиоэтникалық сипатта жеке сөз, тіркес және фразеологизм түрінде қалыптасқан біраз формалар бар. Мысалы *қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бакең* (Абай.); *қой сүйеді баласын қоңырым деп; қойды берсең қоңырдан* деген сияқтылар. Айтайын деп отырғаным – осындағы *қоңыр* лексемасы. Ол – сөз табы жағынан сырт қарағанда заттың сынын, түсін білдіреді. Қайсымыз да кезінде осылай қабылдағанбыз. Мектеп қабырғасынан бастап қазір де сын есім деп. Шынында солай ма? Солай ма деп отырғаным мына бір дерекпен байланысты: «хантыйские диалектные *кой, конир, коннир* «овца» – из древних тюркских языков [3]». Мұнда көңіл аудармағымыз – кейінгі екі форма, екеуінің әсіресе түрік тілдеріндегі дыбыстық *qon ~ qoj ~ qoi ~ xoi, kojnn ~ kojnn ~ qojun ~ qojnn ~ koюн* варианттары іспетті заттық, яғни зат есімдік статусы. Жалаң осы сырт тұрпатына қарап, бұл заттық мән оның негізгі мағынасы емес пе екен деген де бір сәт ой келеді. Бірақ бұл арада, біздің ойымызша, мынадай да версия мүмкін сияқты: *qon ~ qoj ~ qoi ~ кой ~ qojun ~ qojnn ~ kojnn* формасы – сөз болып отырған түліктің жалпы айтылымы да, ал *конир ~ коннир ~ қоңыр* – оның тек тегі тазасы, асылы, ең іріктісі болуы мүмкін. Ойымды пысықтай түсейін: *конир ~ коннир ~ қоңур ~ қоңыр* да – жалпы қойдың аты. Бірақ қайталап айтайын, бәрінің емес, тек тұқымы асылдарының, «тектілерінің» ғана. Бізге осы соңғы тұжырым неғұрлым негіздірек те, ғылымирақ та көрінеді. Негіздірек те, ғылымирақ та екенін мысалы мына бір тіл дерегі де айғақтай түседі: аз. *goюн* общее название овцы и барана (АРЛ: 85). Мал баққан көшпелі қазақ *қой баласын сүйеді қоңырым деп, қойды берсең қоңырдан, қойдан қоңыр* дегендерді қойдың міне осындай артықша туыстыларын көксерп, арман ғып айтса керек. Тілде *қоңыр* сөзі үнемі бұлай бір ыңғай қой түлігіне емес, өзге де түрлі жан иелеріне қатысты қолданыла береді. Бұл ретте олардың әрине кез келгеніне емес, ерекше қасиеттеріне ғана қаратылып айтылған,

* Бұл аффикстің мағыналарының құрамы туралы қараңыз: Севортян АИ 197-199 бб.

мысалы: кыр. *эр Коңур: адырайған эр Коңур – арыстандай көркі бар, алтындуу жыға бөркі бар* фольк. большеглазый богатырь конгур – красив он как лев, на нем высокая шапка, отделенная золотом; *чегир коңур, коңур чегир, коңур мырза* виды беркута (ЮСЛ: 276, 403, 854); казак тілінде *Байқоңыр* (антропоним, топоним), *қоңыр*: Көптің жылауы аяқтап келген кезде зор қоңыр сарынмен бір ересек әйел дауыс айтып кетті. Жұрттың бәріне анық естілгені – қайталап айтылған «қос қоңыр, қос қоңыр!» деген сөзі. Зейнеп өз жанынан өте бір ойлы, мұңды шын шер айтқандай. «Қос қоңыр» дегені – өзінің бұрынғы күйеуі, мынау жатқан Оспан да, екіншісі – Абай. Зейнептің зары дауысты тыңдап тұрған барлық жанды үнсіз жас төктіріп, көп жылатты (М.Әуезов).

Осы арада жоғарыда қырғызша-орысша сөздіктен келтірілген үзіндінің «*эр Коңур – арыстандай көркі бар ...* богатырь Конгур – красив как лев» бөлігіне қайта бір көңіл аударғым келеді. *Коңур* антропонимі мұнда орыс тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес *конгур* түрінде формаланған. Өйткені онда сонар -ң дауыссызы болмағандықтан да қалыптасқан дәстүр бойынша қашаннан ол *қосақ дыбыс (нг)* арқылы беріліп келеді. Бұл – тілде жалпы бар заңдылық. Мысалы В.В.Радлов та кезінде солай жазған: *опаика* [kir., aus dem russ. «опоика»] черная *кунгурская* кожа (РСл. I: 1155). Мұндағы *опаика* лексемесі көбінесе арқа қазақтарының сөздік қорынан кездеседі. Онда да негізінен аға буын өкілдерінің және *опаике* түрінде*. *Көрдің бе сұлу жирен су өрлеген. Аяғын опайкемен шідерлеген* (Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер). Сонымен жоғарыдағы көне түркілік *конир, коннир* зат есімін, *қой баласын сүйеді қоңырым деп, қойды берсең қоңырдан, қойдан қоңыр***, *чегир коңур, коңур чегир, коңур мырза* дегендердегі, *Байқоңыр* мен *Қоңырәулие**** композиталарындағы *қоңыр ~ коңур* формасын түркі ономастикондарының ең бір көне қабаты саналатын *Коңур (эр Коңур) ~ Қоңыр (Тұрағұл Қоңыров) ~ Конур (Конур Иштван Мандоки)* антропонимін, сондай-ақ *кунгурская кожа* тіркесінің алдыңғы *кунгур ~ конгур*, яғни *қоңыр* компонентін – бәрін бір семантикалық қатарда, өзара мағыналастықта алып қарауға болады. Бәрін бұлай бір шоғыр етіп, біріктіріп тұрған – олардың қай-қай-

сысының да тікелей ия жанамалай аса бір сирек «артықша қасиет», «асыл» ұғымымен байланыстылығы. Бұл айтылғандарға қатысты мына бір тіл дерегі де көңіл аударарды. *Мағаш тымағын, күңгір бешпет ішігін киіп, әкесінің алдынан шығуға айналды* (Әуезов). Осындағы *күңгір* сөзі қарастырылып отырған *қоңыр* формасының кездейсоқ бұрмаланған нұсқасы. Таратыңқырап айтсақ: *қоңыр* лексемасы өзінің орыс тіліндегі айтылымына байланысты, ондағы *кунгур* тұрпатының ыңғайығымен барып осындай бітім алған, *күңгір* болып кеткен. Демек бұл *қоңыр* да сол айтылған семантикалық қатарға жатады. Жоғарыда келтірген *қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең* деген өлең жолындағы жылқы да солай *тұтас бір тұлкінің жылқы аты*, ал *торы* сөзі оның тек ең зымыран желаяғын, асылын ғана білдіреді. Оны акындардың әдетте «Басы еді өлеңімнің Ыбырайым, Торыдай топтан озған зымырайым», «Айтар кісім қасыма жетіп келсе, Топтан озған торыдай жайтаңдаймын», «Торыдай топтан шығып жайтан қаққан, Жүруші ем бір өзіңді жанға қимай» деп жырға қосуы да міне осыған байланысты. Қарастырылып отырған форманың идиоэтикалық семантикасын неғұрлым толығырақ аша түсетін маңызды тіл деректері қатарында сондай-ақ *Торыайғыр* композитасын да атауға болады. Осы арада бірден айтылуға тиіс мәселе: оның басқы *торы* бөлігінің түске ешқандай да қатысының жоқтығы және аталмыш компоненттің *шу* бастан-ақ кез келген бір жай айғырға емес, оның тек асыл тұқымдасына ғана қаратыла айтылғаны. Демек *Торыайғыр* туылымы тілде әуелден өзінің тура мағынасында, яғни «үйірдің қыдыр – құты есепті айғыр» деген ұғымда қалыптасқан. Ол осы идиоэтикалық семантикасы жағынан ілгеріде аталған *құтпан айғыр* тіркесімен сәйкеседі. Оның кейінгі антропоним ретіндегі қолданысында да осы мазмұн жатыр. Мысалы онда «болашақ отағасы шаңырақтың алтын дінгегі, ырысы болғай еді» деген іспетті тілек, ниет ишараланған. Бірақ бұл енді – *Торайғыр* композитасының бергі антропоним статусындағы ауыс мағынасы. «Торы – ежелгі қыпшақ тайпасының тармағы, яки қазақ ішіндегі бес таңбалы қыпшақ аталатын ру-тайпалық одақтың бір бөлігінің аты» [4]. Тіліміздегі осы *Торы* этнонимін де солай, жоғары-

* Бұл жөнінде толығырақ қараңыз: Жанпейсов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. Алматы, 1989. С. 21.

** *қойдан қоңыр* тіркесі «қойдан жуас» дегеннен гөрі, *алып анадан, ат биеден* формаларымен көбірек мазмұндасады.

*** Көкбай Әбішке осы ауылдың сыртында өзеннің аржағында бөлекше зорайып көрінген бозғыл биікті көрсетіп: – «Қоңырәулие» дегеніңіз мына тау болады – деді (М.Әуезов).

да айтылғандар тұрғысынан алып сипаттауға болады. Мұндағы *торы* да әуелде жылқы түлігімен байланысты қолданылған. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, оның тек тұқымы асылымен ғана. Кейін келе жеке кісі есімі де, белгілі бір руға қарасты аты да осылай *Торы* болып атала бастаған, яғни: *жалпы есім (торы) > антропоним (торы) > этноним (торы)*. Осы жерде жоғарыда аталған *эр Коңур* формасы сияқты өзім білетін бір қазақ дәрігерінің де есімінің *Ерторы* екені еске түседі. Алайда *торы* құрамды бұл да, бұған дейінгілер де – бәрі айналып кеп бір семантикалық тізбек құрайды.

Халқымыздың эпикалық дастандарында *шұбар* формасы да осылай жиі қолданылады. Ол да жоғарыдағы *торы* лексемасы сияқты үнемі жылқы түлігіне қатысты айтылады. Бір ыңғай тегі тазасына. *Құйындатты шұбарды Басымен бала алысып; Алып келді Шұбарды, Мойнына тағып, тұмарды (Алпамыс); Ат туар ма Шұбардай, Ер туар ма бұлардай (Махамбет); Шұбарым, арғымағым, кермаралым, Өз заңымша бөлкендік жандаралым (Жанак)*. Көріп отырғанымыздай: *қоңыр* лексемасы қой түлігін, ал *торы* мен *Шұбар* формалары жылқыны сипаттайды. Сондай-ақ кейбір түрік тілдеріндегі *шегір ~ чегир* лексемасын да дәл осы тұрғыда алып қарастыруға болады. Өйткені *бүркіт* сөзі де солай аңға салатын құс атаулының жалпы атауы саналады. Ал оның тұқымы асылдарын, туыстыларын әдетте *чегир ~ шегір* деп аталады. Бұл тарапта мысалы мына бір тіл деректері көңіл аударады: *қыр. чегир: чегир баян (или чекир баян) миф. покровитель птиц (в частности, ловчих); коңур чегир* один из видов беркута; *бай чегир* 1) один из видов беркута; 2) перен. щедрый, хлебосольный; *қуу чегир* 1) один из видов беркута; 2) перен. служащий помехой, приносящий несчастье; *болот чечир* неустрашимый (ЮСЛ: 854); қазақ тілінде *қарашегір. Тұрғанбай бүркіттің жақсысы қарашегір деп еді (М.Әуезов). Қарашегір Тобықты ішіне бұл атыраттың барлық аңшысына даңқы жайылған ең ірі құсбегілер қолынан шығып келген (сонда); қан шегір (құм шегір) – бүркіттің бір тегі [5]. Қарастырылып отырған қоңыр, торы, шұбар, шегір формалары түрік тілдерінде бай сөзімен бірге композита жасап, жалқы есім ретінде де қолданылады. Мысалы бұл ретте тіліміздегі *Байқоңыр, Байшұбар, Байторы* іспетті жасалымдарды атауға болады. *Баяғы көрген Байшұбар, Мені ұста деп жануар Көлденең тартып [келіп] тұрады (Алпамыс); Байсүгір... қазір құяң болып, жер төсекте сарғайып, инеліктей қатып жатқан қартаң гарып Байторының баласы (М.Әуезов)*. Жоғарыда*

айтылғандардан түйгеніміз: *қоңыр, торы, шұбар, шегір* дегендер бір қарағанда шынында заттың сынымен байланысты сөздер сияқты көрінеді. Бірақ оларға қатысты түрлі түрік тілдері мен көне жазба ескерткіштердің деректерін өзара салыстыра талдау барысында бұдан бас-қарақ ой келеді: олар бізше бұрыннан емес, жүре осындай болғанға, яғни заттың сынын жүре келе білдіре бастағанға ұқсайды. Бұл олардың әлі де анықтай түсетін кейінгі сапасы сияқты. Өйткені көне түрік тілдерінің ханти диалектісінде «овца» мағынасын білдіретін *конир, коннир* формалары сияқты бұлар да (*қоңыр, торы, шұбар, шегір*) әуелде заттың түсін, өңін емес, өзін білдірген деп шамалаймын. Бұдан әрі салып айтсам: *түйе, жылқы, сиыр, қой* және *бүркіт* зат есімдері – қолға үйренген төрт түлік пен әдетте кәнігі аңшылар ұстайтын құстың жалпы атауы. Ал *жампоз, желмая, тұлпар, торы, шұбар, тынжы, құтпан, келепан, қоңыр* және *шегір* формалары олардың ең асыл тұқымдыларына, мифтік сипаттағыларына ғана қаратыла айтылатын сөздер деп ойлаймын. Өйткені бұрынғы бақташы қазақ төрт түліктің шынында күнделікті көшпелі тұрмысына неғұрлым қолайлырағын әр түрлі түспен символдап жырға қосып, бағы заманнан-ақ осылай парықтай білген. *Келінің – балаң бір теңді, Қосылыпты сайына. Көрімдігін атамай, Көресіңдер ме жайына? Түйе берсең ақтан бер, Өсеріне бақтан бер; Қойды берсең қоңырдан, Өсеріне оңынан; Ешкі берсең сарыдан, Мол қолды бол жарыған* (Бет ашар жырынан). Ал *сиыр* түлігінің бұлай қызылы көбірек әспеттелген. «Түйенің ақ түстісін тек әсемдік пен сәнділіктің символы үшін ғана ертеректегі атақты байлар өсірген. Қазақтың *ақ түйе барға жарасар* деген накыл сөзі осыған орай айтылса керек» (Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1 том. А., 2005: 86). Қазақ тілінде сондай-ақ *түйе* түлігімен байланысты қалыптасқан жеке антропонимдер де (*Ақмайлақ, Ақбота, Ботагөз*), топоним де (*Ақмая*), фразеологизм де (*ақ түйенің қарны жарылған күн*) кездеседі. Жоғарыдағы *торы, шұбар, қоңыр, шегір* лексемаларының қатарына тілімізде әдетте сын есім ретінде сипатталатын, көбінесе тек түспен байланысты қолданылатын *құбақан* формасын да жатқызуға болатын сияқты. *Дәл сәске мөлшерінде тағы бір күн, Кезікті қоңыр белден жалғыз жүргін. Қой көзді жирен сақал құла ат мінген, Құбақан киімінің бәрі күлгін* (Ербұлан). Осындағы *құбақан* лексемасының туындылығы (мүшеленімдігі) жай көзге тіпті сырт тұрпатының өзінен-ақ көрінеу (*құба+қан*): МК QUBA цвет между красным и желтым: *quba at* светло-бурая (саврасая) лошадь (ДТС: 462);

ҚҰБА жаукер, жау құмар. Қазақтың бар қатты өсе бастағаны құба қалмақтың жұрты бұзылған соң, осы Сарыарқаға орныққан соң ғана болса керек (АТС: 401); *құбақалмақ*; Ұлы Оқт.соц. ревсына дейін жоңғарлардың (ойраттардың – Е.Ж.) қазақтар арасындағы атауы (ҚСЭ – 7: (16)); кыр. *куба*: *куба төбөл өстүр* воспитывать (ребенка) без и лишней холи; *куба төбөл өстүрдүм-курч болотко тең болот фольк.* Я воспитывал (его) без холи – он будет подобен острому булату (ЮСЛ: 435). Түрік тілдеріндегі *қу~куу* формасы кейде осы *құба* есімінің қысымды қарған (ықшамдалған) нұсқасы ретінде сипатталады: *куу* (стяженный вариант от *куба*) бледный, белый, серый, седой, бледно-желтый [6]: *куу инген* белая верблюдица (ЮСЛ: 453); *Ақшелек келгір құба инген... Бір күні Кенжекей ертемен тұрса, құба инген жоқ* (Ер Төстік); *қуақан* қуқыл, құбан; сонодайдан қуақан дала көрінеді [7]. Келтірілген деректерден көріп отырғанымыздай: *қу~құба~quba* да, *құбақан~қуақан* да – түрік тілдерінде бәрі бір-ақ мағына, бір ғана түсті білдіреді. Бір-ақ сөз табына, сын есімге жатады. Бірақ бұл жерде айтайын деп отырғаным – *құбақан* формасының тілімізде зат есім ретінде де қолданылатыны, мысалы: *мінгенім дәйім менің құбақанды, Алмаймын құбақанға құр атанды* (Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер). Осы айтылғанға байланысты К.Г.Менгестің мына бір пікірі көңіл аударарды. «В монг. имеется хиа < quwa 'светло-желтый (о масти лошади)' и 'беловато-желтый (о волосах)'; кроме того, в монг. отмечено хива < quba 'янтарь', которое заимствовано из кит. ьур'о <хио-р'ак; возможно, что на основе янтарного цвета произошла контоминация этого слова и другого – хио < quwa quwa» [8]. Келтірілген деректерден монғолдарда түсті білдіретін хиа <quwa лексемасының сыртында «янтарь» мағынасында тағы *хива / quwa* сөзі қолданылатынын, мұның онда қытай тіліндегі ьур'о <хио-р'ак формасынан қалыптасқанын, ал аталмыш янтарьдың (кәріпастын) түсінің негізінде бұл қытай сөзінің және басқаның (мысалы *хиа < quwa / quwa* тұлғасының) контаминацияға ұшырауы мүмкін екенін көреміз. Демек қазақ тіліндегі *Мінгенім дәйім менің құбақан-ды. Алмаймын құбақанға құр атанды* деген өлең жолдарындағы *құбақан* зат есімі мен *құбақан киімінің бәрі күлгін* дегендегі *құбақан* сын есімі арасындағы қатынасты да дәл осы тұрғыда алып сипаттауға, кейінгі сын ұғымының алдыңғы зат ұғымы (заттың түсі) негізінде, яғни бұл арада *түс заттан қалыптасқан* деп қарауға қажет негіз жоқ емес. Түстің бұлай заттан пайда болатыны сондай-ақ мына бір тіл деректерінен де байқалады. Мысалы В.И.-

Цинциус алтай (тұңғұс-маньчжур, моңғол және түрік) тілдерінің *курэн* бурый, темно-бурый, кофейный, бронзовый; *курин* коричневый; *кури* серый, темно-бурый, полосатый; *курнэ ~курэнэ, курунэ, хурэнэ* белка, ласка, хорек; *уриц, урим* серый, соболий мех; *кырене, кырт, хурн* хорек; *кырез, кыз, хурэн, хури(н)* бурый, темно-коричневый; *кызып, кузэн, көзэн* хорек; *көрэн, кмрен, кярдң, ~кярян ~кяряң* бурый, розовый, малиновый, серый, сивый іспетті деректерін саралай келе былай деп жазады. «Рамстедт и Рясянен сопоставляют мо. *кыгыте* и тюрк. *кызди* хорек: формасы «r» (кирч. *курөң* и т.д.) Рясянен считает монголизмами. Поппе считает возможным поставить в один ряд мо. *кырене* хорек и *кырез* коричневый и сравнивает их с ма. *кури* темно-бурый и тюрк. *кызып* хорек. *Отпадение анлаутного согласного в эвенк. уриц (<мо.) «серый» позволяет предполагать аспирированный характер начального *к – в этих словах»* [9]. Жоғарыда В.И.Цинциус келтірген «r» формалы тіл деректерін өз кезегінде іштей аң атауындағылар және түс атауындағылар деп тағы екі топқа бөліп қарастыруға болады. Сонда олар былай болып шығады: *курнэ ~курэнэ, курунэ, хурэнэ, кырене, кырт, хурн* белка, ласка, хорек; *курэн, курин, кури, кырез, кыз, хурэн, хури(н), көрэн, кярдң ~кярян ~кяряң, уриц, урим* бурый, темно-бурый, кофейный, бронзовый, коричневый, серый, полосатый, темно-коричневый, розовый, малиновый, сивый. Бұл келтірілген деректерден көріп отырғанымыздай: моңғол тілдеріндегі *кырене ~курэнэ ~хурэнэ, кырт ~хурн* формасы аң атауы болса, яғни заттық мағына білдірсе, *кырез ~кдрдң ~кыз ~курэн* тағы басқалар түсті, яғни сындық мағына білдіреді. Сөйтіп бұл салыстырулардан да кейбір түс атауларының заттық негізде, сындық мағынаның (яғни сапалық сын есімінің) кейде заттық мағына (яғни зат есім) негізінде қалыптасатынын көруге болатын сияқты. *Құбақан, күрең* формалары төңірегінде осыншама әр тарап алтай тіл деректеріне шұқшиып жатқаным ілгеріде сөз болған *қоңыр, торы, шұбар, шегір* лексемаларымен байланысты. Өйткені қайталап айтам, бұлар да әуелде заттың түсін, өңін емес өзін білдірген деп шамалауға болады. Ал тілімізде осы қой түлігінің және жылқының түсімен байланысты қалыптасқан *ақсарбас, бозқасқа, көкқасқа* фразеологизм-дері ше? Бізге бұл “біріккен түстердің” олардан (*қоңыр, торы, шегір, шұбар* дегендерден) гөрі мәні басқарақ көрінеді. Басқарақ көрінетіні қазақтар әдетте төтенше бір ауыр қауіп төнген қысылтаяң жағдайда, жаратушыдан жалбарынып жәрдем сұраған ұлы тілек үстінде тәңірлік (шамандық) дүниетаным кезінен

келе жатқан көне салт бойынша құрбандыққа малдың үнемі осы түстегілерін ғана шалған. Мысалы қойдан – тұла бойы түгел ақ (немес боз), басы сары (немесе маңдайы ақ) болып келгенін яғни *ақсарбасы* мен *бозқасқасын*, ал жылқыдан – бар сырт тұрпатының көк, маңдайының ақ болып келгенін яғни *көкқасқасын*. Курсивпен ажыратылған бұл формалар алғаш рет және неғұрлым толығырақ түрде Ш.Уәлиханов еңбектерінде қарастырылған. “Арвах – дух предков, во всех трудных житейских случаях обращаются к ним, говоря: аруахи, держите меня за руку и поддерживайте под мышки (по казахски: аруақ, колдай көр, қолтығымнан жебей көр) и приносят жертву; из коров такую корову: с рогами наподобие луны и копытами наподобие аша (ай мүйізді, аша тұяқты); из баранов – белого с полоской на лбу (бозқасқа) и белого с желтой головой (ақсарбас), синего барана с ушами наподобие баурсаков – с раздвоенными ушами и двумя зубами, и совершенно белого, как снег, с полоской на лбу – и также первенца в стаде. Если пожалеют первенца (тұмса мал), то вымазывают слюной обещанного животного голову другого барана и приносят в жертву”. Ғалым осы айтқандарына кейінгі бір зерттеуінде қайта айналып соғып, кейбір тұстарын тағы пысықтай түседі. “Баран должен быть белый с желтой головой (ақ сарыбас) или белый с лысиной (боз қасқа). Обыкновенно, принося жертву, киргиз в молитве описывает приметы приносимого животного. О, арвах, для тебя именуую лунорогого, раздельнокопытчатого с запахом мускуси, или с ушами... подобными баурсакам (ай мүйізді, аша тұяқты, жұпар иісті, бауырсақ құлақты), или с разрезными ушами, с двумя зубами (тілік құлақты, екі тісті) и проч. Приносят в жертву и первенцев в стаде, если они и не имеют вышеприведенных примет. В молитве огню у монголов говорится также *белый баран с желтой головой*. Киргизы нередко в беде именууют лошадей или скот, почему-либо им дорогой, а приносят в жертву другой, менее любезный. Для этого слюной именованного животного мажут рот животного, которое хотят в самом деле убить [10]. Жоғарыдағы күрделі *ақсарбас*, *бозқасқа*, *көкқасқа* формаларындағы *ақ пен сары*, *боз бен қасқа* (яғни *ақ*) түстер бұл арада белгілі бір идиоэтикалық семантика төңірегіне біріккен. Ілгеріде аталған *ай мүйізді*, *аша тұяқты*, *жұпар иісті*, *бауырсақ құлақты*, *тілік құлақты*, *екі тісті* тіркестері де солай қоғам дамуының әлі балаң сатысындағы алғашқы тәңірлік дүниетанымның арнайы тілдік көріністері болып табылады. *А, дос ием ақсарбас, Ал достарым аял жоқ, Жөнелейік тезірек* (Қобы-

ланды); *Қытшақ жағы «көкқасқа», «ай мүйізді ақ қошқар» десіп қояды* (Сонда). Адам баласының ұзақ өмір тәжірибесінде түстердің шынында әр тарап символдық қызмет атқарғанын жылқы түлігіне қатысты тағы мына деректен де көруге болады. В продолжение семи дней китайское войско не могло доставить осажденным съестных припасов. Конница у Хуннов на западной стороне имела белых, на восточной – серых, на северной – вороных, на южной – рыжих лошадей! [11]. *Бір біріне қонаққа барысу, «ақсарбас, көкқасқа» ...айтысып баталасу, тамырласып достасу көп... Баласына айтқан көкқасқасын Зере сойған. Күңкенің аулына атарып, Құнанбай өзі айтқан көкқасқасын да сойды; Біз молданы да бүгін шақырып алып, бата қылдырып жақсы тілекке арнап, бір бозқасқа шалдық* (М.Әуезов). Келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай қой түлігімен байланысты *ақсарбас*, *бозқасқа*, жылқыға қатысты *көкқасқа* мифонимдері әдетте *айт*, *шал* етістіктерімен тіркесіп келеді. Жырларда кейде бұларсыз да қолданылады. *Осы кеткен жалғызым есен барып сау келсе, Егіз туған көк қошқар ол да сенің жолыңа, Егіз туған көк бура ол да сенің жолыңа, Егіз туған көк айғыр ол да сенің жолыңа, Егіз туған көк бұқа ол да сенің жолыңа* (Қобыланды // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, 1 том, А., 2005). Э.В.Се-вортян *гә:к ~ гәк~кә:к~кәк* формасының түрік тілдерінде жалпы он екі түрлі мағына білдіретінін атап көрсетеді (ЭСТЯ–1980: 66, 67). Жоғарыда келтірілген *көк қошқар*, *көк бура*, *көк айғыр*, *көк бұқа* тіркестерінің басқы *көк* сыңары біздің ойымызша, осы «он екінін» ішіндегі «небо», «бог» мағынасында қолданылған. *Ибраим пайғамбар түс көреді. Бір көрген түсті үш көреді.* «Алла Тағала маған аян беріп жатқан сияқты. Ұлым Исмайылды құрбандыққа шалайын» деп ойлайды *Ибраим*. Бұл ойын ұлы Исмайылға айтады. Исмайыл «Алла аян берсе, Алланың әміріне кім қарсы шығар дейсіз, құрбандыққа дайынмын» дейді. *Ибраим пайғамбар тауға шығып өз баласы Исмайылды құрбандыққа шалайын деп жатқанда періштелер келіп Ибраимның қолын қағады. Сол мезгілде Құдайдың құдіретімен көктен бір ай мүйізді қошқар түседі.* Мұның Құдіреттің ісі екенін түсінген Ибраим пайғамбар баласы Исмайылды босатып, құрбандыққа қошқарды шалады. Мұсылмандардың құрбандыққа қой союы осыдан қалған екен («Қаз. әдеб.». 23. 06. 2000). Жаратушыға жалбарынып тілеу тілеу, баталасып бас біріктіру, серттесіп сөз байласу, ант-тасу кезінде айтылатын бұл идиоэтикалық *ақсарбас*, *бозқасқа*, *көкқасқа* фразеологизмдері казак

тілінде міне осылай қалыптасқан. Қырғыз тілінде бұлардың біреуі ғана кездеседі: *ақ сары башыл* (или *ак сарбашыл*) этн. Жертвенная овца; *ак сары башыл кой*. 1) белая овца с желтой головой; 2) этн. Овца, предназначенная в качестве умиловительной жертвы (цвет безразличен); *ак сарбашыл кой айт*. Предназначить овцу в жертву; *ак сарбашыл кой сой*. Принести овцу в жертву (ЮСЛ: 126, 637).

Қой түлігі жасына қарай да түр-түрге бөлінеді. Ол бұл жағынан қазақ, онымен туыс тағы біраз тілдерде мысалы мына түрде сипатталады. «Қойдың төрт айлық төлін–қозы, төрт-бес айлығын – *бағлан* қозы, ал ерте туғанын не алты айлығын – *марқа*, *көрпеш* десе, алты ай мен бір жас арасындағысын *тоқты* дейді» (12). Енді осындағы *тоқты*, *көрпеш* формаларына тоқтала кетейік. Екеуі де – туынды сөз. Алдыңғының туындылығы мысалы мына деректерден көрінеу: кір. Kkir. *Toktu* = *tokli* ягненок в конце первого года, Osm. *TƏKLY* = *TƏKLI*, Dsch. TOKLI овца трех месяцев. Osm.Ad. *TOFLU* = *TOKLY* овца; Dsch. *TOFLI* = *TOKTU* трехмесячный ягненок (РСл III: 1153, 1155, 1168); *TOFLP* (<ТОПФЛП образовано от *TOF* рожать, ср. чаг. ТОППЗ дитя, уйг. ТОФУРЧУК первые ростки (РСл III: 1162, 1164); бар. ТОФУШ детеныш косули (РСл III: 1165); Шор. ТОФУШТУФ с детенышами (РСл III: 1166) [13]. Бұл форма қазақ тілінде қос сөз құрамында да қолданылады: *тоқты-торым* қойдың әлі өсіп жетіле қоймаған жас тұқымы [төлі – Е.Ж.] [ҚТС: 639]. *Осындай қарбаласта «бармақ басты, көз қысты» боп, талай момынның тоқты-торымы сот-қар ауылдардың жемі боп жүреді* (М.Әуезов). Қос сөздердің (қос сөз түзетін компоненттердің) әдетте өзара мағыналас, яғни синонимдес болатыны белгілі. Демек аталмыш *тоқты* мен *торым* да солай бір-бірімен мәндес бірліктер, екеуі де тілімізде, жоғарыда көрсетілгендей, қой түлігіне қаратыла айтылады. Ал мына бір тіл деректерінен оның соңғы *торым* сыңарының көне түркі жазба ескерткіштерінде, моңғол тілдерінде тіпті түйеге де қатысты қолданылғанын көруге болады: *TORUM* верблюжонок (ДТС: 878); *торум* верблюжонок двух лет (14); *torum* верблюжонок (МУК.-ад.); *ТУРУМ* *фуя боласи, буталоқ; тіші буталоқ ургоги буталоқ; турум (торум) буталоқ* верблюжонок [ДЛТ I: 377; ДЛТ (И): 284]. Сөз болып отырған осы *torum* ~ *торум* ~ *торым* зат есіммен *торпақ* сөзі де салыстырымды сияқты. Өйткені Dsch. *тор* теленок (РСл III: 1179). Бұл жерде тағы мына дерек те еріксіз көңіл аударады: кір. *торлан* жеребенек, когда начинает подрастать и поправляться (РСл III: 1186); кыр. *торол* возмужать, вырасти, окреп-

нуть, набраться сил: *торолгон козулар энелери менен бирге койда* подростшие и уже окрепшие ягнята с матками в отаре (ЮСЛ: 753); *торал* етею, ет алу, қондану (ҚТС: 643). Бұл айтылғандар жоғарыдағы *тоқты-торым* дегендегі *ТОРЫМ* ~ *TORUM* ~ *ТОРУМ*, *ТОРЛАН*, *ТОРПАҚ*, *ТОРОЛ* ~ *ТОРАЛ* дегендердің бәрінің бір гомогендік қатарға жататынын және бәрінің де бір *тор* түбірінен жасалғанын көрсетеді. Біздің ойымызша, осы қатарға сондай-ақ тіліміздегі *торай* зат есімін де жатқызуға болатын сияқты: кір. *торай* молодой кабан (РСЯ III: 1180). Сонымен бұл *торым* ~ *торум* ~ *torum*, *торлан* ~ *торол* ~ *торал*, *торпақ*, *торай* жасалымдарының ортақ *тор* эпонимінің семантикасы жалпы «төл» ұғымымен байланысты, бұдан да әрі салып айтсақ, төрт түлік пен доңызға түгел қатысты деп ойлауға болады. *Тайлақ* зат есімін де осылай сипаттауға болады. Мысалы қазақ, қырғыз, өзбек, ноғай, бұлармен туыс тағы кейбір тілдерде олай деп әдетте түйенің төлін айтады. Бірақ бұл формадағы *тай* түбірінің бұл тілдерде тағы жылқы түлегіне, жалпы ірі қараға қатысты да қолданылатыны қызық: қаз. *тай* екі жасқа әлі толмаған жылқы; *тай егіз* бір жастан асқан, піштірілген тайынша; *тай шықты* жылқының бір жасқа толған төлі; *тайынша* екі жасқа жетпеген торпақ (ҚТС: 607, 609); кыр. *фай* 1. крупное животное в возрасте одного года; *тай бука* бычок по второму году; 2. лошак – жеребенек по второму году (ЮСЛ: 689). *Тай* сөзінен жасалған бұл салыстырма деректерден түрік тілдерінде бұның да жоғарыдағы *тор* этимоны тәрізді жылқы, түйе, сиыр түліктеріне, үшеуінің төліне бірдей қатысты екенін, үшеуіне де қатысты қолданылатынын көреміз.

Сонымен жоғарыдағы *тоқты* туылымына тікелей және жанамалай қатысты кейбір нақты тіл деректері міне осындай. Осы бағытта енді ілгеріде аталған *көрпеш* формасын қарастырып көрейік. Бұған дейін де сөз болғандай, *көрпеш* деп қазақ тілінде ерте туған, алты айлық қозыны айтады. Қырғыздар қозының мұндайын, яғни қыста туғанын *күрпөң* дейді (ЮСЛ: 471). Ол (*көрпеш* сөзі) қазақ тілінің диалектологиялық сөздіктерінде негізінен «кебе қозы», «кенже туған қозы», «марқа қозы» деген сияқты мағынада түсіндіріледі. *Баян сұлу* формасының *сұлу* бөлігі тәрізді *Қозы көрпеш* жалқы есіміндегі *көрпеш* те солай өзінің алдындағы *қозы* сөзінің айқындауышы болып табылады. Бұл айтылғанға байланысты Е.Жұбанов былай деп жазады. «Символичность имени Козы, на наш взгляд, раскрывается через его метафорическое приложение – *көрпеш*. Как известно, слово *козы* у казахов

само по себе имеет положительную эмоцию. Но в сочетании со словом *көрпеш* оно выражает, что ягненок родился поздно, т.е. не в сезон окота. У Махмуда Каш-гарского имеется аналогичное *курпа угил* – родившийся летом мальчик. Следовательно, эпический Козы көрпеш означает то, что ребенок родился не вовремя, ибо его рождение совпало с гибелью отца, одним словом, несчастливцем» [15]. Ғалымның бұл айтқандарының кейбір тұсын сәл пысықтай түсу керек сияқты. Шынында да жоғарыда келтірілген *курпа угил* тіркесі Махмуд Қашқаридың Девону Луғот-ит турк еңбегінің Ташкент басылымында «жазда уақытынан кеш туған бала» мағынасында сипатталған: *күрпд от* – курпа ут (беданинг бир қариш ва ундан усик вакти); күрпа эміш – биринчи марта териб олингандан кейин, иккинчи қайта чикқан хосил, мева*. Ёзда уғилган болаға хам курпа угил ~ күрпд оғул дейилади. Шунингдек вақтидан кейин туғилган күзилар, эчкилар, бузокларни хам корпа дейилади; күрпд – вақтидан кейин туғилган уй хайвонлари – осенний приплод домашнего скота; *күрпу от* – күрпд ут – побеги травы; күрпү іэміш – иккинчи хосил, мева (териб олингандан кейинги мева) вторичный (в год) урожай фруктов; корпа оғул – ёзда туғилган бола – ребенок, родившийся летом [ДЛТ 1:393; ДЛТ(И):169]. Сонымен күрпд оғул – курпа угил тіркесі келтірілген деректерде «ребенок, родившийся летом» деп түсіндірілген. Ал Махмуд Қашқаридағы бұл форма *көне түркі сөздігінде былай сипатталған: күрпд оғул* ребенок, родившийся весной (ДТС: 318). Дұрысы – осы. Өйткені көне түркі жазба ескерткіштерінде JAZ весна: *jaznn qatuglansa qnspnn sevnyg* если весной приложат усилия, зимой будут испытывать радость; ал JAJ лето: *jaj anta jajladpnn* я там провел лето (ДТС: 226, 250). Сөз болып отырған *Қозы көрпеш* формасы жырдың алтайлық нұсқасында *Козын – эркеш* түрінде айтылады. Бұған қарағанда *Козын эркеш* – батырлық эпос та, *Қозы көрпеш – Баян сұлу* – әлеуметтік-тұрмыстық («социально-бытовой») эпос болып табылады (АҚД: 16). *Козын эркеш пен Қозы көрпеш* күрделі атауларының *эркеш, көрпеш* сыңарларының түбірлері *көрпе* және *эр* бөліктері. Ал олардағы – (*e*) *ш* пен – *кеш* – кішірейту мәнді қосымшалар болып табылады. Салыстыр: *көрпо: козу* – *көрпо* пренебр. ягнята, ягнятишки. *Биздикинен бир козу=көрпо жеп кеткин* отведай у нас (мяса) ягненка (ЮСЛ: 408).).

Сонымен проф. Е. Жұбанов айтқандай, *көрпеш*

сөзі шынында *Қозы* антропонимінің метафоралық тіркемесі, яғни айқындауышы болып табылады. Оның жырдағы бұл айқындауыштық қызметі әрі салып айтсақ өмір мен өлімнің жарыспалылығымен, ал сөз болып отырған нақты жағдай тұрғысынан алсақ әке өмірінің аяқталуы мен оның баласының өмірінің басталу сәттерінің тұспа-тұстығымен, осыған сәйкес әлі со күйі шикі өкпе, жарық дүниеге жаңа ғана аяқ басқан эпикалық Қозының алдағы қорғансыз күндерімен, пана болары, таянышы жоқ тағдырымен байланысты деп ойлаймыз.

Қозы антропонимі жырдың алтайлық нұсқаларында тек *қозын* емес, сонымен қоса *козюйке, козика* түрінде келіп отырады. Соңғы *козюйке* ~ *козика* формасы қазақ тілінде де қолданылады, бірақ дыбыстық құрамы жағынан сәл өзгерек тұрпатта: *қозықа* арқардың, арқалдың (муфлон, дала жабайы қойы) төлі, қозысы (ҚТС: 399). Бұл да жоғарыдағы *көрпеш* тіркемесі (айқындауышы) сияқты мүшеленеді: *қозықа* < *қозы-қа*. Мұндағы *-қа* да «кішірейту» мағынасын білдіреді, *-кеш* формасымен мазмұндасады. Осы «кішірейту, еркелету» сияқты мәндегі *қозықа* сөзімен тіліміздегі сондай-ақ *қошақан* лексемасы да сәйкес келеді. Ал бұл *қошақан* лексемасын «бір жарым жасар қозы» мағынасында сары ноғайлар да айтады. Ішінара аз-кем дыбыстық өзгеріспен: *кьошанай* ягненок полугодовалый [16]. Бұл және қазақ тіліндегі *Көшеней** антропонимі өзара фонетикалық варианттар болып табылады. *Балталы, Бағаналы ел аман бол; Балталы, Бағаналы елден келдім* (Қк-Бс). Келтірілген өлең жолдарындағы Бағаналы (<бағана+лы) этнонимі де осы «қозы» ұғымымен байланысты: кир *ياغذا*, тур. *باغنه* ягненок, *باغانالی* имеющий жирных ягнят (название одного рода, из поколения Найман, киргизов средней орды) [БСЛ: 233]. Тілімізде қарастырылып отырған түлік атауымен байланысты *Қойшыман* антропонимі қалыптасқан. Оны морфологиялық құрылымы жағынан мына түрде мүшелеуге болады: *қойшыман* < *қой* (түбір)+*шы*+*ман*. Соңғы екеуі бұл жерде өзара қызметтес сөзжасамдық жұрнақ болып табылады. Олар бұл жерде аффикстік (яғни грамматикалық) плеоназм түзіп тұр. Аталмыш плеоназмдық құбылыс кейбір өзге түркі тілінен де кездеседі, мысалы: тур. *коуман* пастух от *коу* баран, овца; кирг. *Койчуман* // *койчу* пастух от *кой* (Севортян АИ: 198).

Қазақ тілінде қой, ешкі түлігіне қатысты қалып-

* *Көрпекөк* (Алм.:Шел.). Жоңышқаның үшінші қайтара шығуы; *Көрпеш* (Түркім.). Жоңышқаның ең соңғы орылған өнімі: *Көрпе* жаңа, жас (шөп); *көрпе* (қарақ.) жоңышқаның балаусасы (ҚТДС–1969; 166). *Көрпе* (Түркім.). Жоңышқаның соңғы өсімі (ҚТДС–1999: 117).

тасқан мұндай идиоэтникалық бірліктер қатарында түр-түс, белгілі бір өлшем, ұлттық ойын, ауру түрлерімен байланыстылары да немесе жай жеке сөздер де аз емес. Олар мысалы мына сияқтылар: *қозы көш*, *қозы жасы* (баланың оннан бастап қозы бағуға жарайтын кезі – Ахмет Жүніс), *қой жасы* (он бес пен жиырма аралығында қой бағатын жас – бұл да), *қозыкүрең* (қозыкүрең кісінеп қағады елең – Шәкәрім), *қозыгер* (құла ат пен қозыгерді барымталап – Әуезов), *қой жылы*, *топалаң*, *кебенек*, *кемелек*: мүйізім – құрық, көк тірей, Өлем бе кемелектен ешкідей (С.Қапшықбай), *шек-шек*, *қызыл асық*, *омпа*, *сомпа*, *қойшы* (түйелі қойшы – тұрған қойшы, өгізді қойшы – өлген қойшы, жаяу қойшы – жатқан қойшы, атты қойшы – екпіні қатты қойшы – боз, кара от, өлең, көкпек: жылқы бозды, қой кара отты, сиыр өленді, түйе көкпекті жайлайды – Ә.Бөкейханов, «Қазақ»; *жұрын тоқты*, *асық бойлы* (бір асық бойлы Алтынсары деген алып бар еді – Хан Шентей), *асық Жамбы*, *қой тұяқ жамбы*, *қой көз жамбы**, *нысана*, *бәсіре*: бәсірен деп жүз серке, бөліп берді өзіне (Алпамыс), *тұсақ* бір жас пен екі жас аралығындағы ұрғашы қой (ҚТС: 665). Соңғы *тұсақ* формасы қырғыз тілінде сәл бас-қарақ дыбысталады. *Жусак* южн. 1. *Молодая коза, окотившаяся раньше обычного срока*; 2. *тяньш. годовалая или яловая горная коза* (ЮСл: 270). Қазақ тілінде «екі жасқа келген, піштірілген қойды» ісек деп те айтады (ҚТС: 768). Салыстыр: *тішдік* иккі лсли күй (ДЛТ I: 368); *тісеу* құлын, тай, құнан сияқты жылқы малында болатын тіс ауруы. *Зекет берсеңіздер тышқақ лақ, тісеу болып жүрген құнан бересіздер* («Айқап»); *Сақау менен тісеуден Үйір жинап не болды?* (Е.Раушанов // ҚӨ, 14.07.06). Бұл аталғандардың сыртында тағы Аққозы, Қарақозы (Осынау белдің астында Аққозы кетіп барады; Осынау белдің астында Қарақозы кетіп барады – Қобыланды), *Қойбағар*, *Қозыбағар*, *Қозыбай*, *Қойшыбай*, *Қойшыбек*, *Қойлыбай*, *Қойшыман*, * * *Қойайдар*, *Қойгелді*, *Қойгелтір*, *Қозыбасы*, *Қойкеткен өлең* (бұл гидроним осының алдындағы *сиыр* түлігі туралы мақалада сөз болған) іспетті жеке ономастикондар мен *ешкі жасын жасағыр*, *шырмауыққа түскен ешкідей*, *қозы жаурын сұр жебе*, *қозы құмай*, *ақсарбас қой*, *топалаң келгір*, *серкештеп қуу* (айдау, өткізу), *қырық серкеш*, *бастан құлақ садаға*, *қойқосақ*, *қойшы-қоймаж си-*

яқты біраз фразеологизмдер де, қос сөздер де кездеседі. *Сен хан болмай жерге кір, шын хан болсаң қойшы-қоймаж сияқтанып осылай жүргенің өзіңе ар емес пе* (М.Әуезов); *Қойыңды мен серкештеп өткізейін* (Батырлар жыры); *Серкештеп жылқы айдалды, Көшкенде жұртта тай қалды* (Дулат). Осы айтылғандармен байланысты мына бір тіл деректері де көңіл аударады. Мысалы, қырғыз тілінде мифтік *қой жолы* дейтін де тіркес бар: *қуш жолу* или *қой жолу* млечный путь (ЮСл: 258). Қазақ тілінде бұл құс жолы деп қана айтылады. Этнограф Х.Арғынбаев жоғарыдағы идиоэтникалық *нысана* және *бастан құлақ садаға* бірліктерін былай сипаттайды. Қойдың табиғатта 50-100 жылда бір-ақ рет, өте сирек кездесетін көп мүйізділігін әдетте *нысана* дейді. *Нысана* термині қазақ тілінде тек малға емес, ол сондай-ақ адамға қатысты да қолданылады. *Мұрнының оң жағында кішкене томпақша меңі бар екен. Нұрлы қызыл жүзіне біткен қап-қара мең өзінше қатты жарасып тұр. Ол дағы Нұрғанымның ерекшелігі. Өзге әйелге бітпеген нысанасы тәрізді* (М.Әуезов); *Аса сыпайы қарайтын ойлы, нұрлы көзінде бөлек бір шұғла бар. Жаңа жеткен жастық, тазалық шағында ақ жүзді, сұр жүзді қара көз әйелдерде оқта-текте кездесетін осы шұғла кейде қоңырқай көлеңке реңденіп, көзінің астына ұялап тұрады. Қара көз сұлу көп болса да, бұл бітім, қасиет анда-санда біреуде ғана болатын. Абай Әйгерім жүзіндегі осы бір, өзгенің бәрінен бөлек нысанаға әр кезде көп қадалып, қызығып қарайтын. «Ұялы қара көз», «нәркес көз» деп осыны айтса керек деп, ішінен ойлаушы еді* (Сонда). Ал *топалаң* болған қойдың құлағы дағдыдан тыс салбырап тұрады. Ауру осы құлағынан болар-ау деп, иесі оны түбінен айналдыра кесіп алып, «басқа келген пәледен», яғни «бастан құлақ садаға» деп, қойдың басынан үш айналдырып лақтырып жібергенміс [17]. *Қозы-жауырын* – масағы болатан жасалған жалпақ басты садақ оғы, жебе; *Қозықұмай* тау құздарын мекендейтін ең ірі жыртқыш құс (ҚТС: 399); *Қойқосақ* (Шымк.: Сайр., Түлк., Арыс; Жамб.: Мер.), кемпірқосақ (ҚТДС –1999: 183); тркм. *ак маја жолу* млечный путь (РСл IV-2012). Жоғарыда аталған *ак маја жолу* – *құс жолы* – *қой жолу*, *қойқосақ*, *кемпірқосақ* бірліктерімен байланысты А.Байтұрсынұлының “анайы шағында табиғатынан ұзап кеткен жері болмаған соң, адамның өзі де та-

* *Көшеней* – жырышылық, термешілік өнердің шебері (Қызылордадан).

* Қазақ тілінде *жамбының* сондай-ақ *актбас жамбы*, *бесік жамбы*, *тайтұяқ жамбы*, *түйе көз жамбы* деген де түрлері кездеседі (Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері...: 186).

** Қойшыманов – Алматы қаласының бұрындар болған әкімдерінің бірі.

биғатпен қатар, табиғатпен жалғас, сабақтас, өзектес сияқты күйде өмір шеккен” [18], Ө.Қастеевтің “мен өнерді ешкінің мүйізінен, апамның киізінен, қойдың құлағынан, таудың бұлағынан үйрендім” [19] дегендері ойға оралады. Осы жерде ілгерідегі кейбір фразео-логизмдердің этномәдени табиғатына неғұрлым көбірек тереңдей түсу үшін оларды енді тұтас мәтінімен келтіріп көре-йік. *Аш бүгіліп жылағыр, Ешкі жасын жасағыр, Аяғыңнан ақсағыр* (Алпамыс); *Алишақ мүйіз ақ серке қой бастаған* (Қара өлеңнен); *Серкештеп жылқыны қу бөліп-бөліп* (Арқалық); *Ақсарбас дөнен қойды айтып сойып, Бес батыр осы жауға тең боларсың* (Сонда); *Қызыл асықты хан етіп белгілейміз де, оны қоса бір дорба асықты алашаның үстіне шашып жіберіп шерте бастаймыз: бүгесіне бүгесін, шігесіне шігесін, омпасына омпасын, сомпасына сомпасын тигізсек қана сол тигізген асық ұпай есебіне саналады* (Ө.Канахин). Ұлттық осы «Хан» ойыны сияқты «Ханталапай» мен «Ханжаппай» да солай асықпен ойналады. “Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық хан аталады. Ойынды бастайтын бала санамақ арқылы анықталады. Ол асықтың бәрін қос уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар *Ханның* қалай түскенін бақылап отырады. Егер бүк, шік не тәйке түссе, ойынды жүргізуші бала *ханның* түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. *Ханды* жатысы хандікіндей ең соңғы асықпен ғана атып алады. Ойын жүргізуші баланың қолы, не оның атқан асығы басқа бір асыққа тисе, ойынды әрі қарай келесі бала жүргізеді. Ал Хан алшы түссе балалар жарыса “Ханталапай” деп шуласып, *ханды* әрқайсысы өз қолына түсіруге тырысады. *Ханды* қолына түсірген бала жеңген болып есептеледі. Сол бала ойынды қайта бастайды”. “Ханталапайда” 5-10 бала ойнаса, “Ханжаппайда” 2-5 бала ойнайды. Екі бала ойнағанда әрқайсысында бес асықтан және бұлардың бәрі бір түсті болады. Екі бала бес-бестен уыстап алған асықтарын жерге кезек шашады. Алшы, тәйке түскендерін тағы бөліп алады. Кімнің алшысы мен тәйкесі көп болса, сол ойынды қайта бастайды. Енді жерге екеуіндегіні қосып он бір асық шашады. Бүгені бүгемен, шігені шігемен, алшыны алшымен, тәйкені тәйкемен атып, тигендерін өзіне жинай береді. Бесеуін атып алған соң ғана барып *Ханды* атады. Онда да тек хан пішімінде жатқан асықпен. Қалғандарын осыдан кейін ғана ата бастайды. Тигізе алмаса, екінші бала да осылай рет-

ретімен ойынды әрі қарай жалғастырады. Шерткен асығы егер “Ханға” тиіп кетсе, бала кезегінен айрылады. Ал “Хан” – асық алшы түссе, екі бала дереу *ханжаппай-ханжаппай* деп шуласып, алшы түскен ханға ұмтылысады. Қайсысы қолға бұрын түсірсе, сонысы ұтқан болады. Ұтқан бала ұтылған балаға “төбенді жерге тіреп, пәлен рет аударылып түс” деген сияқты түрлі шарт қоюы мүмкін. Шарт орындалса ұтыс асық иесіне қайтарылады, орындалмаса қайтарылмайды. «Хан», «Ханталапай», «Ханжаппай» сияқты ұлттық ойындарда қолданылатын бұл асық зат есімімен байланысты Нұртөре Жүсіп тағы мына тіл деректеріне де көңіл аударады. “*Ешкімер* – ешкінің асығы, *қойлақ* – қойдың асығы, *құлжас* – құлжаның асығы, *топай, сомпай* – сиырдың асығы, *шүкейт* – киіктің асығы, *оңқай* – малдың оң жақ аяғының асығы, *солақай* – малдың сол жақ аяғының асығы”. Ол асықтың атауларын, асық ойындарының түрлерін осылай сараптай келіп, ойын әрі қарай былай сабақтайды. “Асық атаулары мен түрлері асықтың төрт жағындағы 4 түрлі пішімінен [бітімінен – Е.Ж.] шыққан. Оның әрқайсысының өз дәрежесі болады. Бірінші пішім – *алшы*, ол бірінші дәрежеде, екінші пішім – *тәйке*, бұл екінші дәрежеде. Үшінші пішім – *шік* (*шіге*) үшінші дәрежеде. Төртінші пішім – *бүк* (*бүге*), ол төртінші дәрежеде” [20]*. Ал Моңғолиядағы қазақ ауғындарының (яғни қазақ диаспорасының) тілінде төрт түлік асықтың осы төрт жағымен, сыртқы осы төрт түрлі бітім-түрпатымен былай символданады (дәрежеленеді): “*тәйке* – түйе, *алшы* – ат, *бүге* – қой, *шіге* – ешкі деген сөз” [21]. Осы жерде *тәйке* сөзінің тіліміздегі мына бір қолданысы да көңіл аударады. *Қыз он беске жеткенде кесте алады, Жаман менен жақсыны еске алады. Жиырмаға жеткенде тәйке деген, Аюша жисан майын төске алады* (Шал ақын).

Қазақ тілінде сондай-ақ қой түлігіне қатысты түрлі *тау, тұрақ, қора, қыстақ* атаулары да аз емес. Олар әсіресе Орталық-Шығыс Қазақстанның топонимиялық кеңістігімен байланысты болып келеді. Кейбірі мысалы мыналар: *Түйемойнақ жылы тау айдап барды, Қоймаңырақтан жылқысын әрі апарды* (Қк-Бс); *Үлкен тау. Тарбағатай ұлы дейміз, Маңырақ қой қыстауға жылы дейміз* (Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер). Келтірілген өлең жолдарындағы *Қоймаңырақ, Маңырақ* дегендер – тау атаулары. Кәдімгі жабық қора іспетті жан-жағы, төбе тұсы тұмшаланып келген, үстінен боран өтпейтін, қой-қозы тіпті арқаның түнгі сақылдаған сары аязында да тонбай қыстап шығатын кең, ықтасынды қуыс, үңгірлер тауда әдетте аз болмайды. Біріне қойлар бөлек, екіншісіне олардың

қозылары жеке қамалады. Олар өстіп екі жерде бір-бірін іздеп ұзақты күн, түнде де тынбай үн салумен, маңыраумен болады. Тіліміздегі *Маңырақ*, *Қоймаңырақ* (= *Қой Маңырақ*). *Қозы Маңырақ* атаулары міне осыдан барып қалыптасқан. Бұл жерде айтпағымыз – *Маңырақ* формасының –(а)қ жұрнағы арқылы *маңыра* етістігінен жасалғандығы. Солай екені мысалы мына бір өлең жолдарынан да көрінеді. *Он екі Қазылық он түнек, Маңырап жатқан қой түнек* (Күдеріқожа). Соңғы өлең жолындағы *он түнек, қой түнек* дегендердегі *түнек* зат есімі де ілгерідегі шаңырақ лексемасымен құрылымдас, яғни бұл да солай *түне* етістігіне –(е)к жұрнағы жалғанып барып жасалған. Және бұл екі *маңырақтың* (яғни *Қоймаңырақ* пен *Қозы Маңырақтың*) арасы сондайлық жақын да болмайтын сияқты, мысалы ол мынадан көрінеді. *Қозы Маңырақ, Қой Маңырақ Арасы толған көп қалмақ* (Үмбетей). Орталық Қазақстанның топонимиялық кеңістігінде сондай-ақ *Бесқазылық атауы да кездеседі. Бесқазылық, Ойтүндік Көрінер жерің бір күндік* (Күдеріқожа).

Енді қой түлігіне қатысты жоғарыда аталған *түнек, Маңырақ және Қазылық* формаларымен тікелей, я жанамалай байланысты кейбір жеке тіл деректері мен пікірлерді келтіре кетейік: *kas. тяндк* кочка; *кымырска тяндгі* муравейник; *Uig. тьандк* (<туна+к) темное место; темница, тюрьма (РСл III: 542-549); *қыр. түнөк* место ночлега; ночлег (птичий, овечий) [ЮСл: 781]. Ал *Маңырақ* жоғарыда айтылғандай тау аты. Солай екеніне сондай-ақ мына деректер де айғақ: *Маңырақ* – таудың аты [22], аласа, үсті жайпақ тау массиві, Шығыс Қазақстан облысы аудандарының жайлауы (ҚСЭ-7: 456). Ел арасында кеңінен мәлім *Басында Қазыгұрттың кеме қалған* дейтін өлең жолының өзі кейде *Басында Маңырақтың кеме қалған* болып та айтылатын көрінеді (Бұл информацияны бірде радиодан Дүйсенбек Қанатбаевтың аузынан естіп қалдым). Ақындардың бұл тау атын жырға қосқан кездері де аз емес, мысалы: *Басына Сұлушоқы шыға келсем, Тұрады мен мұндалап Маңырақты* (Қалибек Шүкішов); *Желімен бие байлап саудырар ем, Аспаннан ақ меруерт жаудырар ем. Кенелтіп Маңырақтың кең етегін Ұрпаққа абзал мұра қалдырар ем* (Ноғайбай). Осы аталғандар іспетті кейбір тарихтық, тілдік деректерді жоғарыдағы *Қазылық* формасына қатысты да келтіруге болады. Ә.Марғұлан бұл атауды этноним ретінде алып сипаттайды. «Следует подчер-

кнуть, что топонимика Центрального Казахстана сохраняет племенные названия многих племен, населявших эту обширную область в исторические времена. Особенно интересны географические наименования, носящие древние племенные названия *Казылыков (Карлыков), Токраунов, Маутанов, Жибеней, Баятаров, Кыпчаков, и др.*». Ғалым бұл жерде Қазылықтарға ілес жақша ішінде Қарлықтарды қоса келтірген. Ол басқа бір мақаласында керісінше Қарлықтарды айтқан тұста ілес жақша ішінде *Қазылықтарды* қосақтай отырады [23]. Бұл айтылғандарға қарағанда автор *Қазылық* топонимін жалпы этнониммен байланыстыратын сияқты. Қазақ этнонимдері кеңістігінде *Қазылық* туылымының түбірімен келетін ру аты рас жоқ емес, мысалы: **Қазы** – Орта жүз Уақ тайпасының руы. Қ. ұрпағы Ұлы Октябрь революциясына дейін Шұбартау, Жорғабайтал, Жауыр, Шұбарайғыр тауларын, Бақанас, Дағанды өзендерінің алқабын, Абралы тауына дейінгі кең байтақ жерді мекендеген (ҚСЭ – 6: 399). Бірақ бұл – ру аты *Қазылық* формасын этноним деп қарауға жеткілікті ме? Жеткілікті ме деп іркіліп отырғаным оны бұдан басқарак түрде сипаттайтын дерек-дәлел көбірек. Олар мысалы мыналар. Қыр баласы (Әлихан Бөкейханов) былай деп жазады. «Қарқаралы, Қаракұс, Едірей, Қу, Баянауыл тауларын бес Қазылық дейді. Қойға бұлардан артық жайылыс дүниеде жоқ десе болады [24]. «Қаракесектер Қазылық аталатын таулы өңірлерде тұрады. Ал таулар жиынтығының *үш, бес, он екі Қазылық* аталуы – Арқа даласындағы «таулар жиынтығы» мағынасындағы топонимдер. Мысалы Қарқаралы, Кент, Қу таулары – Үш Қазылық; осы үш тауға *Боқты* мен *Қызыларайды* қосып *Бес Қазылық деп атай береді*» [25]. Осы соңғы айтылғандардың ізімен *Он екі Қазылық* дегенді де солай он екі түрлі таудың атымен байланыстыра қарауға болатын сияқты. Ойымызды әлі де әрі сабақтай түсейік. Бізше *Қазыгұрт* пен *Кавказ* композиталарының *Қазы және Қаз* сындрларын да осы *Қазылық* топонимінің *қазы* түбірімен салыстыруға болады. Өйткені бұл екеуі де (яғни *қазы, қаз* формалары да) *Қазылық* атауының *қазы* этимоны сияқты «тау» мағынасымен байланысты деп ойлаймын. Соңғы *Кавказ* композитасы ескілікті кейбір әдебиет үлгілерінде *Қап тауы* тіркесімен, *Қойқап* формасымен баламаланатын сияқты, мысалы: *Ар жағы Қап тауының жалғыз шынар, Басына сол шынардың самұрық қонар* (І.Жансүгіров). Ал ар-

* Асықтың осы төрт түрлі (алшы, тәйке, бүге, шіге) қалшы туралы қараңыз: Е.Жанпейісов. Төрт түлік төңірегінде // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2005. № 3. 3-12-бб.

найы анықтағыш әдебиеттерде ол негізінен мына түрде сипатталады: *кап*: *кап тоо* то же, что *койкап* ир.-ар. (или *кой тоосу*) 1. миф. горы, окружающие по краям землю; 2. перен. Край света, дальние-дальние страны (ЮСл: 342,417). *Құлар еді шапқанда Қойқаптың тауы, тасы да* (Қобыланды). Кейбір дерек көздерінде *куькаф* түрінде де кездеседі. *Койкап* сияқты *куькаф* та – композита, иранизм: п. *کوه کوه* *кух*, *кух* гора; *کومسار* гористая местность, *اغستان* гористая срана (اغستان) (БСл II: 169). Қазақтың көп-көп ертегісінде кездесетін «Қап тауы» деген тау, алыптар мекені деп саналатын жұмбақ тау, ертегілі бұлдыр тау осы Кавказ емес пе еді. *Әсіре бір таудан жол салған, Қойқаптан барып жол алған (Қойқап – Кавказ тауы)* (М.Әуезов Шығармалары, 17 т. 91-б; 16 т. 43-б.). «Қап тауы, Каф тауы – Шығыс халықтары әдебиетінде жиі кездесетін тау. Қ.т. қиял-ғажайып ертегілер мен дастанжырларда айлап, жылдап жүріп жетуге болатын, диюперілер жайлаған мекен деген ұғымды береді. Қ. т-н қазіргі Кавказ тауы деген де пікір бар... *Қап* деген сөздің алфавиттік, сандық, символдық мағынасы да бар» (ҚСЭ – 6:460, 461). *Кавказ ~ Каф тауы ~ Қап тауы*. Мұндағы *кав ~ каф ~ кап* – бір форманың түрлі фонетикалық варианттары, ал *каз* бен *тау* – бұлар бір-бірімен фонетикалық жақтан емес, семантикалық жақтан мазмұндасады. *Қазылық* топонимі сияқты жоғарыдағы *Қарлық* формасы да мүшеленімді: *-лық* жұрнағы жалғанған *қар* түбірінен жасалған. Мына бір дерекке қарағанда *қазы* тәрізді бұл *қар* да сол «тау» мағынасын білдіретін сөзге ұқсайды: *Қар дегені – тау дегені, Көне сөзі бабамның. Болмаса да дәу денем, Асқақ таудан жаралдым* (С.Медеубекұлы).

Түйе, жылқы, сиыр және қой-ешкі туралы мақалалар сериясы осымен аяқталады. Оларда қазақ тілінің осы үй жануарлары төңірегінде қалыптасқан идиоэтнокалық семантикасы қарастырылды. Бірақ бұл проблеманың пысықтай түсетін, толықтыратын тұстары және осы салада қамтылмаған жеке тіл деректері, *аттанып барып жылқы алған, ат үстінен ұйқы алған* тәрізді фразео-логизмдік сөз қолданыстар әлі де әрине жоқ емес. Өйткені төрт түлік өмір сүру мәдениетінің бірден бір маңызды саласы, көзі ретінде халқымызбен қадім заманнан бірге жасасып келе жатқан, біртұтас үлкен әлем.

ӘДЕБИЕТ

1. Новикова К.А. Названия животных в тунгусо-манчжурских языках // Алтайские этимологии / Отв. ред. В.И.

Цинциус, Л.В. Дмитриева. Л., 1984. С. 190.

2. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1969. 222-б.

3. Новикова К.А. Названия животных ... С. 195.

4. Нұрханов С. Этнолингвистикалық этюд (*Торы* этнонимі мен *Торғай* топонимінің төркіні жайында) // Қазақстан мектебі. 1967. №1 .

5. Қасиманов С. Аталған еңбек... 208-б.

6. Молчанова О.Т. Желтые цвета в алтайском ономастиконе. Л., 1986. С. 199.

7. Базылхан Б. Моңғолиядағы қазақтардың тілі. Уланбаатар-Өлгий, 1980. 1991. 133-б.

8. Молчанова О.Т. Указ. раб. С. 198.

9. Цинциус В.И. Этимология алтайских лексем с анлатными придыхательными смычными губно-губным* и заднеязычным* к // Алтайские этимологии. Л., 1984. С. 123.

10. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алматы, 1984. Т. 1. С. 208, 209; Алматы, 1985. Т. 4. С. 56.

11. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Алматы, 1998. С. 51.

12. Аргынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы, 1969. 28-б.

13. Щербак А.М. Названия домашних и диких животных в тюркских языках // Развитие лексики тюркских языков. М., 1961. С. 115.

14. Щербак А.М. Названия домашних... С. 102.

15. Жұбанов Е. Х. Литературно-лингвистические особенности эпоса «Козы көрпеш – Баян сулу»: АКД 1967. С. 28.

16. Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты: грамматика, тексты и словарь. М.-Л., 1940. С. 253.

17. Аргынбаев Х. Қазақтың мал... 15,162-бб.

18. Байтұрсынұов А. Шығармалары. Алматы, 1989. 230-б.

19. Тұрсынқұлов Е. Рухымыздың қайнары // ҚӘ. 2003.12.12.

20. Нұртөре Ж. Тутанхамонның асығы // ЕҚ. 2006. 22 наурыз

21. Базылхан Б. Моңғолиядағы... 133-б.

22. Халиди Құрбанғали. Тауарих-и Хамса. Қазан, 1910: 143.

23. Маргулан А.Х. Отчет о работах Центрально-Казахстанской археологической экспедиции 1987 года // Известия АН Казахской ССР. Серия археологическая. Алматы, 1949. Вып. 2. №67. С. 14.

24. Қыр баласы (Әлихан Бөкейханов – Е.Ж.). // «Қазақ» газеті. Құрастырушылар Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. Алматы, 1998. 189-б.

25. Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері. Алматы, 2006. 13,14-бб.

АКД – Каташ С.С. Опыт сравнительного изучения алтайского-казахского эпоса. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кфн. А. – Л., 1957.

АРЛ – Азербайджанча – русча лугәт. Баки, 1941.

АТС – Абай тілінің сөздігі. А., 1968.

БСл – Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. СПб., 1869-1871 Т. I-II.

ДЛТ – Махмут Кошғарий Девону лугот-ит турк. Тошкент, 1960. I т.

ДЛТ (И) – Махмут Кошғарий Девону лугот-ит турк.

Тошкент, 1967.

ДТС – Древнетрюкский словарь Л., 1969.

ҚСЭ – Қазақ совет энциклопедиясы – 5, 6, 7. А., 1974-1975.

ҚТДС – Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. 2 кітап, А., 1999;

ҚТС – Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі Алматы, 1969.

ҚТФС – Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі Алматы, 1969.

МУК. – ад. – Монгольский словарь Мукаддимат аладаб. М.; Л., 1938, ч. I-II; 1939, Ч. III.

ПСЛ – Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. Вып. 1–4. Т. I. 1958.

РСл – Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий СПб., 1893-1911. Т. I-IV.

Севортян АИ – Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. М., 1966.

ЮСл – Юдахин К.К. Кыргызча-орусча сөздүк М., 1965.